**ЦИФРЛАНДЫРУ – ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ДА ЖЕТТІ. ЛОКОМОТИВ БРИГАДАСЫНА АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАДА КЕЗ-КЕЛГЕН ТЕПЛОВОЗ БЕН ЭЛЕКТРОВОЗДЫҢ ҚАЙДА ЖҮРГЕНІН, БҮКІЛ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСЫН СПУТНИК АРҚЫЛЫ КӨРІП ОТЫРУҒА БОЛАДЫ. ОҒАН ҚОСА, МАНЕВР ТЕПЛОВОЗЫН ДА ҚАЙ СТАНЦИЯДА, ҚАЙ ТҰЙЫҚТА ЖҮР ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ЖҰМЫС АТҚАРУДА, ЛОКОМОТИВ ҚАНША ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖҰМСАДЫ, БӘРІН БАҚЫЛАУҒА БОЛАДЫ. МҰНЫҢ БӘРІ КЕЛЕШЕКТЕ ЖҰМЫСТЫҢ ҮНЕМДІ, ТАЗА, АШЫҚ БОЛУЫ ҮШІН ЖАСАЛУДА.**

Қанат КӨБЕСОВ,
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№105 (2713)
21/12/2021




# НОВЫЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ПАРТНЕР

**Казахстанские и китайские железнодорожники подписали соглашение о стратегическом сотрудничестве по развитию контейнерных перевозок.**

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**
Нур-Султан

Заместитель председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Ерлан Койшибаев провел встречу в онлайн-формате с генеральным директором крупнейшей логистической платформы Zhong Gu Logistics (КНР) Сун Жуй.

Стороны обсудили перспективы сотрудничества АО «НК «ҚТЖ» и Zhong Gu Logistics, обменялись мнениями по развитию бизнеса и улучшению качества сервиса в сфере контейнерных перевозок.

В рамках встречи между национальным мультимодальным оператором АО «KTZ Express» и транспортно-экспедиторской компанией Tiehai Shunda International Freight Forwarding Co., Ltd. (КНР) подписано соглашение о стратегическом сотрудничестве по развитию контейнерных перевозок. Его подписали Ерлан Койшибаев и генеральный директор Tiehai Shunda International Freight Forwarding Co., Ltd. Лю Шицин.

Документ направлен на укрепление сотрудничества по развитию логистических сервисов и наращиванию объемов перевозок грузов в контейнерах в составе контейнерных поездов в КНР, страны Европейского Союза и в обратном направлении. А также на выработку новых маршрутов в направлении Китая, России, Ирана, стран Центральной Азии и Кавказа.

Отметим, международный экспедитор Tiehai Shunda International Freight Forwarding Co., Ltd. (дочерняя компания корпорации Zhong Gu Logistics) осуществляет мультимодальные железнодорожно-морские перевозки. На сегодняшний день внутри Китая курсирует более 20 отправленных маршрутных поездов, принадлежащих экспедитору и охватывающих более 50 станций КНР.

Ожидается, что подписание данного соглашения увеличит объемы контейнерных перевозок через пограничные переходы Алтынколь и Достык. В 2022 году Тэхай Шуньда планирует отправку не менее 100 контейнерных поездов.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ҚАУІПСІЗДІК СЕРТИФИКАТЫН АЛДЫ

**«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Теміржол көлігі саласындағы қауіпсіздік сертификатын алды. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне қарасты Көлік комитетінің елордалық көліктік бақылау инспекциясы табыстаған бұл құжат тасымалдау процесінің қауіпсіздігі мен сенімділігі сақталып отырғанын куәландырады.**

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің Қауіпсіздікті басқару жүйесі Қазақстанның теміржол көлігі саласы заңнамасында белгіленген талаптар үдесінен шығып отырғанын айғақтайтын құжаттың жарамдылық мерзімі 2024 жылға дейін.

«Сертификат теміржолда пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы процестердің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын растайды. Осы ретте, қозғалыс қауіпсіздігін бұзу тәуекелдерін бағалау және қауіптерді анықтау алгоритмі әзірленгенін атар едік. Әдетте, қауіпсіздікті бұзу себептері есепке алынып және талдау жүргізіледі. Ал алдағы уақытта талдау деректері негізінде келеңсіз жағдайларға жол бермеу үшін алдын алу шаралары әзірленбек», – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің бас менеджері Қанат Мұсабеков.

Айтып өткеніміздей, құжаттың қолданылу мерзімі 2024 жылдың соңына дейінгі уақыт аралығын қамтиды. Алайда, осы үш жыл ішінде қозғалыс қауіпсіздігін өрескел бұзған немесе қозғалыс қауіпсіздігі бойынша нысаналы көрсеткіштерді орындамаған жайттарға жол берілсе, сертификат өз күшін жояды.

*Ислам ТАЛҒАТ,*
*Нұр-Сұлтан*



**Канат МУСАБЕКОВ,**
главный менеджер департамента безопасности движения ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»:

**ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПОЛУЧИЛО СЕРТИФИКАТ БЕЗОПАСНОСТИ В ОБЛАСТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА. ЭТОТ ДОКУМЕНТ ПОДТВЕРЖДАЕТ, ЧТО НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ ПРОЦЕССЫ В СФЕРЕ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ ОРГАНИЗОВАНЫ НА ВЫСОКОМ УРОВНЕ. ОТРАБОТАН АЛГОРИТМ ВЫЯВЛЕНИЯ ОПАСНОСТЕЙ И ОЦЕНКИ РИСКОВ НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ**

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

НА 35 ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВОКЗАЛАХ УСТАНОВЛЕНО ОКОЛО
**3 000**
КАМЕР ВИДЕОНАБЛЮДЕНИЯ

ПО ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА ПРОХОДИТ
**5**
МЕЖДУНАРОДНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ТРАНЗИТНЫХ КОРИДОРОВ

В 2022 ГОДУ ТРАНСПОРТНО-ЭКСПЕДИТОРСКАЯ КОМПАНИЯ TIEHAI SHUNDA INTERNATIONAL FREIGHT FORWARDING (Г.ПЕКИН, КНР) CO., LTD. ГАРАНТИРУЕТ ОТПРАВКУ НЕ МЕНЕЕ
**100**
КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ ЧЕРЕЗ ПОГРАНИЧНЫЙ ПЕРЕХОД ДОСТЫК

## Тасымал

# ДӨҢЕСТЕ ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН КЕЗ...

**16 желтоқсан – Тәуелсіздік мерекесі күні тынымсыз тірлігі бір сәт те толастамай, күні-түні жұмысы қайнап жататын Маңғыстау станциясының сұрыптау дөңесіне бардық. Станция басында бірі келіп, бірі кетіп жатқан жүк және жолаушылар пойызы уақыт кестесімен жүріп жатыр.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Сұрыптау дөңесінде жұмыс қызған. Қаз-қатар тізілген вагондар бір жолдан екінші жолға ауыстырылып, вагондар тарқатылып, қайта құрастырылып жатқан күнделікті қарбалас жұмысты дөңес кезекшісі мен оператор қос қабатты ғимараттан бақылап отыр. Бұл жерден төмендегі жұмыс алақанға салғандай түгел көрініп тұр.

Бүгінде тоғыз жолдың торабына айналған Маңғыстау темір жолының жүк өткізу қабілеті еселеп артқан. Маңғыстау станциясы арқылы теміржолмен – Қазақстан, ТМД, Қытай, Иран, Түрікменстан, Өзбекстан елдеріне, ал теңізбен – Ақтау және Құрық порттары арқылы Әзербайжан, Грузия, Түркия, Еуропаға тасымалданатын жүктің бәрі өтеді. Сондықтан вагондардың тұрып қалмай, кідіріссіз, дер кезі көздеген жеріне жетуі дәл осы сұрыптау дөңесіндегі мамандардың біліктілігіне тікелей байланысты.

Бұл күні дөңесте 5 пойыз құрастырылып кетуі жоспарланған. Соның екеуі Ақтау портына, екеуі Болашаққа, біреуі – Тамақ бекетінен басталып Бейнеуге дейін еліміздің ішіне қарай тақ бағытқа кететін пойыз. Сол бағыттарға жинақталып жіберілетін вагондарды қай жолға қалай жинау, құрастырып шығарумен қатар, сонымен қатар дөңесте еңбек ететіндердің қауіпсіздігі сақталуын қадағалап отырған дөңес кезекшісі Ақтолқын Бекесованы сөзге тарттық.

– Ауысымда 2 вагон құрастырушы, 3-4 жылдамдық реттеуші бар, белгіленген жоспар бойынша келген құрамаларды шашып, қайтадан әрбір бағытқа жинаймыз. Жалпы жоспар бойынша Ақтау порты бағытынан төрт пойыз алып, төрт пойыз тапсыруымыз керек. Қазір түске дейін дайын болған бір пойыз кетеді. Тағы екеуін Ақтау порты бағытына дайындап қойдық. Бір пойыз Болашақ бағытында тұр. Енді біреуін әзірлегелі жатырмыз. Құрық портына да біреуін жібердік. Бүгін Болашақ бағытына қарай 3511 тонна салмақпен 57 вагон кетті. Өзеннен бізге екі пойыз келе жатыр. Біріншісі артық ұзындықпен болғандықтан бұйрықпен қабылданады. Екінші пойыз 31 вагонмен жолға шықты. Осыларды алдын ала жобалап отырамыз. Себебі дөңесте пойыз күтіп, іркіліп қалмау керек. Бір пойызды дайындауға орташа бір сағаттай уақыт кетеді, – деді тәжірибелі дөңес кезекшісі.

– Бүгін де таңғы сегізде келіп, түнгі ауысымнан кезекті қабылдап алдық. Диспетчер тапсырмасымен пойыздарды жасақтауға кірістік. Кешеден қалған вагондар бар, тақ және жұп бағытпен келген пойыздарды шашып, жинаудамыз. Оның ішінде Болашақ, Ақтау порты бағытына пойыз дайындаймыз. Менің міндетім – ұзындығы мен салмағын асырмай пойызды құрастырып шығару. Әр бағытқа қарай өз салмағы мен ұзындығы бар. Келген пойызда сол көрсеткіштерден вагондар артылып қалса, оны келесі пойызға қосамыз. Жіберетін жердің кезекшісімен келісе отырып жұмыс істейміз. Мәселен, Болашақ станциясы 57-63 ұзындыққа дейін пойыз қабылдай алады. Ол жобамен 40-50 вагон. Қазір бізде Болашаққа қарай 11-жолда 33 вагон тұр. Әлі де 7 вагон қосу керек. Сонда құрамның салмағы 3700 тоннаға жетеді. Сондай-ақ, 14-жолға 45 вагон, 51 ұзындықпен 2254 тонна салмақта пойыз дайындап отырмыз. Негізінен пойызды 57 ұзындыққа дейін жеткіземіз. Кейде диспетчерлер одан асыруға тапсырыс береді. Ондай жағдайда 68-71 ұзындыққа дейін барады. Бірақ ол арнайы бұйрықпен жүзеге асады. Барлық станцияға ұзын пойыз баратыны жайлы алдын ала ескертіледі, – дейді теміржолға он жыл бұрын пойыз құрастырушы болып келіп, соңғы бір жылда дөңес кезекшісі жанындағы оператор болып отырған Қайсар Оңайшаев.

Бүгін ұлттық мереке – тәуелсіздіктің 30 жылдығы. Дөңесте қызу жұмыс…

*Суретті түсірген автор*

## ОБСУЖДЕНЫ ТАРИФНЫЕ ПРЕФЕРЕНЦИИ

**В ҚТЖ состоялись двусторонние переговоры между представителями АО «НК «Қазақстан темір жолы» и АО «Узбекистан темир йуллари» (АО «УТЙ»), в ходе которых обсуждены вопросы дальнейшего развития сотрудничества в области железнодорожного транспорта и увеличения объема перевозок грузов с участием железных дорог Казахстана и Узбекистана.**



Делегацию ҚТЖ возглавил заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по логистике Ерлан Койшибаев, со стороны Узбекистана – заместитель председателя правления АО «УТЙ» Акмал Камалов.

Стороны отметили важность укрепления взаимовыгодного сотрудничества и создания благоприятных условий для перевозки грузов, прежде всего путем предоставления взаимных тарифных преференций по территориям Казахстана и Узбекистана на 2022 фрахтовый год, в том числе в контейнерах. По словам участников встречи, это будет способствовать дальнейшему наращиванию объемов перевозок.

*Асель ШАЙХЫНОВА,*
*Нур-Султан*
*Фото автора*

rail-news.kz
№105(2713) 21/12/2021

# ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ҚАРАБАТАН

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Қазіргі Карабатан станциясы бұрын бес-ақ адам жұмыс жасаған шағын ғана разъезд болатын. Сол маңнан Қашаған кен орнынан келген мұнайды өңдейтін «Болашақ» зауытының ашылуымен Қарабатанның бағы жанды. Ауқымды реконструкциялаудан өткен станция қайта түледі.**




Каспий теңізі қайраңының қазақстандық бөлігін игеру жобасының бірі болып табылатын зауыт қуаты оны пайдалануға бергеннен кейін тәулігіне 450 мың баррель немесе жылына 22,5 миллион тонна мұнайға жетеді. Мұнда мұнайды судан айыру және тұрақтандыру, меркаптаннан тазарту, тәжірибелік-өндірістік өңдеу кезінде сақтау және экспорттау жұмыстары жүргізіледі. Қуаты жылына 6,2 миллиард текше метр газ өңдеу жүйесі мұнайды күкірттен айыру, сығымдалған газды тауарлы деңгейге дейін даярлау жұмыстарына есептелген.

Зауыт құрылысы басталған сәттен бастап-ақ Қарабатан станциясының атқарар жүгі артты. Зауыт құрылысымен 20500 адам айналысып, 56 000 тонна металл құрастырмалар, шикі және тауарлы мұнайды, сондай-ақ газды сақтайтын резервуарлардың 7 700 тонна құрыш құрастырмалары монтаждалды. Бұдан басқа әкімшілік ғимарат, жатақхана, асхана, т.б. көптеген нысандар салынды. Соған қажетті материалдың бәрі пойыз арқылы тасымалданып, станцияға жеткізілді.

Ал 2013 жылы зауыт ашылғаннан кейін Қарабатан станциясының әлеуеті бұрынғыдан да арта түсті. Зауыт толық қуатымен жұмысын бастаған шақта станция арқылы алыс шет елдерге күкірт вагондар арқылы тасымалдана бастады. Онда күні бүгінге дейін Кавказ, Ресей теміржолдары арқылы жөнелтілуде. Қазіргі уақытта станциядан күніне 60 вагон күкірт тиеліп, жөнелтіледі. Мұнай-химиялық заттарды өңдейтін екінші зауыт ашылып, Карабатан станциясынан оған күніне 30 вагон жүк түсірілуде. Станцияда қазіргі уақытта 11 жол торабы бар және «Болашақтағы» 2 зауыттың әрқайсысына жол тартылған. Вагондар уақытылы беріліп, жұмыстың тоқтаусыз жүруіне теміржолшылар да мүдделі. Айлық жоспар толық орындалып, жұмыс пандемия кезінде де тоқтамаған. Бүгінгі таңда 3-ші класты станция тек өндірістік бекет болып саналады, тұрғындары 2018-2019 жылдары түгелдей Атырау қаласына көшірілді.

*Суретті түсірген автор*

# ҰШҚЫННАН ШЫҚҚАН ӨРТ

**Айсұлтан АРМАН,**
Маңғыстау

ОҚИҒА

**12 желтоқсан күні Бейнеу-Сай-Өтес учаскесінде рельс дәнекерлеу пойызының қызметтік вагоны өртке оранды. Оқиғаның толық мән-жайын арнайы құрылған комиссия тексеріп анықтады.**



Кешкі сағат 17:18 минут өткенде басталған өрттің ауданы 54 шаршы метрді қамтыған. Оқиғаның салдарынан тек сол пойыздың 3 сағат 30 минут тұрып қалғаны болмаса, басқа жүк немесе жолаушылар пойыздарының кестесіне кедергі келтірмеген. Зардап шеккендер де жоқ. Тексеру қорытындысы бойынша өрттің шығуына вагонның төбесіндегі түтін тартатын мұржаның ескіріп, өртке қарсы оттан қорғайтын асбест материалмен оралмағаны себеп болған. Сондықтан тұрбаның арасындағы қуыспен мұржадан шыққан ұшқын қайтып вагонның ішіне түскен. Осылай вагон шатырының ішіне желмен түскен ұшқын тұтанып, әп-сәтте жана бастаған.

Аталған вагон 13 қарашадан бастап Ақтөбеге іссапармен келген Бурабайдағы рельс дәнекерлеу кәсіпорнына тиесілі екен. Оқиға орнына Бейнеу станциясындағы өрт сөндіру пойызы мен «Кенсары» ЖШС-нің екі өрт сөндіру автокөлігі келіп, қызыл жалынды ауыздықтауға кіріскен.

– 8431 нөмірлі бұл жүк пойызының құрамында рельс тасығыш 57 платформа және бір тепловоз, бір жылыту вагоны болған. 5-бекет пен 6-бекет арасында пойыздың қысымы түсіп кеткендіктен машинист жерге түсіп құраманы қарағанда жылыту вагонының өртеніп жатқанын көреді. Дереу тиісті орындарға хабарланып, сағат 17:25-те перегон жабылады. Сағат 17:30-да Бейнеу өрт сөндіру пойызы көтерілді. «Кенсары» ЖШС-нің екі өрт сөндіру автокөлігі келіп жетті. Сағат 17:40-та машинист құрамның өрт шыққан бөлігін ағытып алып, 5-бекетке жеткізді. Сағат 20:30-да өрт ауыздықталып, толықтай сөндірілді, – деп ақпарат берді Маңғыстау өртке қарсы қызмет жасағының басшысы Қайырхан Таласов.

*Суретті түсірген автор*

# ТҮБЕККЕ ТАЛЬГО КЕЛДІ

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

**Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында түбек жұртшылығы тамаша сыйлыққа кенелді. Маңғыстаулықтардың көптен күткен арманы орындалып, өңірге қанша жылдан кейін «Тальго» пойызы келді. Алматыға қатынайтындар енді жүрдек пойызға мініп, әдеттегіден 15 сағат ерте барады.**






**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Жаңа пойызды қарсы алуға келгендер қарасы вокзалда мол болды. Жергілікті тұрғын Сәуле Айтбаева апай осы пойызбен Жамбылдан келе жатқан туысын қарсы алуға келіпті.

– Мына жаңалықты естіп, төбеміз көкке жетті. Сенер-сенбесімізді білмей, көзбен көріп, әрі құдағиымызды күтіп алуға өзім шығып тұрмыз. Қасымда үлкен апайым да бар. Ол кісі таяққа сүйеніп жүрсе де «Тальго» дегенді көзімен көріп тамашаламақ. Жасым алпысқа келіп қалды. Бұл пойыз біз сияқты егде жастағыларға дұрыс болды. Қазір көбінің қан қысымы бар, ұзақ жолды көтере алмайды. Жол қысқарды, енді құдағиыммен бірге оңтүстікке қонаққа кетсем бе деп отырмын, – дейді Сәуле апай.

Сонымен жергілікті уақыт бойынша түскі сағат 14:24 минутта №111-112 «Алматы-2-Маңғыстау» пойызы жергілікті теміржол вокзалына келіп тоқтады. Пойыз бастығы, осы салада 15 жылдық тәжірибесі бар Амантай Ұзақбаев жолсеріктерімен бірге перронға түсіп, жолаушылар мен қол жүктерін түсіруге көмектесе бастады. Құрамда жолаушыларға арналған 19 вагон және вагон-бар, вагон-ресторанды бар екен. Бірінші және соңғы вагондарда екі, қалғанында бір жолсерік жолаушыларға қызмет көрсетіп келген. Вагонның біреуінде 5 купе, 18 орыннан. Әжетханасы, жуынатын және шай ішетін орындары өз алдына. Сонымен қатар бұл пойыздың артықшылығы – кішігірім бекет, станцияларда тоқтап, жолаушылардың уақытын алмайды. Алматыдан Маңғыстауға дейін 15 рет қана аялдама жасайды. Соның ішінде өңірімізде тек Бейнеу, Тассай және Маңғыстау станциясында тоқтайды. Алматыдан жұп күні жолға шығып, түбекке де жұп күні жетеді. Жылдамдығы сағатына 120-150 шақырымды құрайды.

– Алғашқы жолсапарымыз тыныш, артық кедергі-қиындықсыз жақсы өтті. Бізбен келе жатқан халықтың көңіл-күйі көтеріңкі болды. Жолға барлық орын жолаушымен қамтылып толық шықтық, жол бойы түсіп-мінгендер де баршылық. Вагондарда бар қажеттілік қарастырылған. Жолаушыларға арнайы портал қолжетімді. Құрамда 20 жолсерік, 2 борт-механик бар. Ресторанда 3 адам қызмет етеді, – деп мәлімет берді пойыз бастығы Амантай Ұзақбаев.

Сол жерде «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Экспресс Алматы» телімі бастығының орынбасары Мырзақұл Қожановты да кездестірдік. Бірінші сапарды қадағалап жолға шыққан ол қай жерден заправка жасау, су құю, қоқыс тастау керек деген сияқты техникалық мәселелерді шешу жолын бақылап келіпті.

Маңғыстау вокзалы бастығының орынбасары Гүлжан Мусилова түсте келген «Тальго» пойызы жергілікті уақытпен кешкі сағат 18:15-те кері қарай жолға шығатынын және бұл пойызға билет бағасы ертелеу алсаң – 18 368, ал сол күні 23 мың теңге шамасында екенін айтады. Яғни, ұшақтағы сияқты билет құны алу уақытына байланысты өзгеріп тұрады.

Ал оған дейін Алматы мен қарт түбектің арасын байланыстырып келген бұрынғы пойыз күнделікті жиырма шақты вагонмен таңғы сағат 6:25-те келіп, 8:05-те кетіп, оңтүстікке қатынап тұр. Ол пойыздың жолда жүру уақыты 56 сағат 52 минутты құрайды.

*Суреттерді түсірген автор*

## Су – тіршілік көзі

# «МӨЛДІР БҰЛАҚ»: БАҒДАРЛАМА ШАРАПАТЫ

**Ел шығысындағы теміржолшылар үшін тәуелсіздіктің үшінші онжылдығы қайта құру және жаңғырту бағытындағы жұмыстармен тарих парағында сақталмақ. Соның бірі ретінде биылғы жылы Семей ЖТ бөлімшесінің «солтүстік» тармағы мен Дегелең-Жаңа-Семей телімі бойындағы барлық шағын станциялар мен жолайрықтарының 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылуын айтуға болады.**

**Қуан ЕРТІС,**
Семей

Осыған дейін бөлімшеде желі бойындағы су тасымалын тоқтату маңызды мәселенің бірі болып келді. Ал бұл тарапта республикалық «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы зор септігін тигізді. «Теміржолсу-Аягөз» мекемесі тозығы жеткен су желілерін реконструкциядан өткізу ісіне соңғы онжылдықта мықтап кірісіп, аталмыш бағдарлама алғаш қолға алынған 2012 жылдың өзінде барлығы 2,583 шақырым су құбыры жаңартылыпты. Ал, 2014 жылы Қапанбұлақ станциясындағы модуль күрделі жөндеуден өтіп, су желілері қайта жаңғыртылды. Бұл шаралар кезегімен өзге станцияларда жалғасын тапты.

Сондай-ақ, осы жылдар аралығында 5 бірдей су айдауыш мұнара қалпына келтірілді. Оның ішінде «Ауыл» станциясындағы салынғанына ғасырдан асқан тарихи нысандар да бар. Сонымен қатар, Жұзағаш сынды шөлейтті алқаптағы су беру нысандары күрделі жөндеуден өтсе, №9 разъезд, Таңсық, Балықтыкөл сынды станцияларға су тұщытатын «Таза су» құрылғысы орнатылды. Аталмыш құрылғы орнатылған соң судың концентрациялық құрамына жасалған сараптама бірден оң нәтиже көрсетті. Айталық, Таңсық станциясы



бойынша су құрамындағы сульфат 305-тен 70-ке, хлоридтер 350-ден 135-ке дейін азайған. Яғни, тек ауыз судың қолжетімділігі ғана емес, оның сапасының жақсаруы да осылайша оңды шешім тапты. Қазіргі уақытта «Мөлдір бұлақ» бағдарламасы нәтижесінде Дегелең бағытында 4 ауыз су модулі орнатылған.

– Сонымен қатар, Семей-Локоть бағытындағы №41 жолайрығын Бородулиха ауданына қарасты орталықтандырылған су жүйесіне қостық. Нәтижесінде бөлімшенің батыс және солтүстік тармағы бойынша су тасымалы мүлдем орын алмайды. Яғни, ауыз су мәселесі 100 пайыз шешімін тауып отыр, бұл дегеніміз – миллиондап жұмсалатын шығынға тосқауыл болды деген сөз, – дейді «Теміржолсу-Аягөз» мекемесінің Семей учаскесі бойынша бастығы Сырым Сағымбаев.

Атап өтер тағы бір жаңалық – станцияларға орнатылған су тұщыту модульдерінің Семейдің өзінде құрастырылуы. Ондағы тиімділік сол, модульдерді сатып алу мен тасымалға жұмсалатын шығын едәуір азаяды. Тек бірқатар жабдықтар мен су үзетін фильтрлер ғана орталықтан алдырылған.

Жалпы, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тоқырап қалған сумен қамту шаралары қазір кезең-кезеңімен қалпына келтірілуде. Мәселен, желі бойындағы насос-сорғы станциялары мен ауыз су модульдері толықтай техникалық талаптарға сай жұмыс істеп тұр. Бұл нысандардың көпшілігі тоқсаныншы жылдардың тоқырауында караусыз қалған болатын. Кейіннен «Теміржолсу» АҚ балансына өтіп, сала қызметкерлерінің игілігіне жұмыс істеуге көшкен еді.

Осылайша, «Мөлдір бұлақ» бағдарламасының шарапатына кенеліп отырған семейлік теміржолшылар, шалғай станция тұрғындары бөлімше басшылығы мен өз кәсібінің шебері «Теміржолсу-Аягөз» ЖШС директоры Бауыржан Үмбетовке айтар алғысы мол.

*Суретті түсірген автор*

# ШАРУАҢ ҚАЛАЙ, ШАҒЫН БЕКЕТ?

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

**Тараздан шығысқа қарай алпыс шақырымдай жүрсеңіз, Ақыртөбе станциясы бой көрсетеді. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдары іргe қалаған станция кеңес заманында біршама дәуірлегенімен, тәуелсіздік жылдарындағы оңтайландыру кезінде 4-класты станция деңгейіне төмендетілген.**



**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл облысы

Десе де, Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің шаруашылық жұмыстарының бір парасы осы маңда атқарылады. Станцияның шағын ғана ұжымын басқарып, шаруасын дөңгелетіп отырған Ізбасар Үсіпбеков еңбек жолын 1977 жылы Аспара станциясында бастаған екен. Ел егемендігін алған 1991 жылдан бері осы Ақыртөбе станциясының «отымен кіріп, күлімен шығып» жүр. Саланың ұңғыл-шұңғылын бес саусағындай білетін тарлан теміржолшы.

«Әкем Көбей ұзақ жылдар жолшы болды. Әкем өмірден озған соң, оның ісін анам Отай жалғастырды. Ол да жол монтері еді. Ол заманда әйелдерді де осындай ауыр жұмысқа ала беретін. Бүгінде ол кісі де ортамызда жоқ. Ата-анамның жолын мен жалғастырып жүрмін. Ал менің жолымды ұлым жалғап, қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласындағы локомотив деposында еңбек етіп жүр», – деді ол.

Ақыртөбе станциясының шағын ғимаратына алты жыл бұрын жөндеу жұмыстары жүргізіліп, терезелері пластик материалымен жасалды. Жылу жүйесі электрлі қазандықпен жылытылады. Станцияға бес кірме жолдың екеуі негізгі болса, үшеуі қосымша.

«Әрбір бақылау комиссиясы келген сайын жұмысымызға оң баға беріп кетеді. Бөлімшенің керек-жарақпен, шаруашылық заттарымен, киім-кешекпен қамтамасыз етілуіне шағым айта алмаймыз. Компьютерлерімізге дейін жаңалап берді. Тек бір мәселе – перронымыз тозып жатыр. Басшылыққа осы мәселені жеткізіп, келесі жылы жөндеу жұмыстарын қолға алсақ деген ойымыз бар», – дейді Ізбасар Көбейұлы.

Ақыртөбеде еңбек ететін екі станция кезекшісінің бірі – Нұрлан Жомартов жиырма бес жылдан бері осында қызмет етіп келеді. Оның әкесі Нармахан да жол монтері болып жұмыс істепті. Анасы да теміржолшы болған. Бес ұл-қыз тәрбиелеп отырған Нұрлан да ата кәсібін жалғастырып отырғанына дән риза.

Екінші станция кезекшісі Нұржамал Бекенеева да жеті жылдан бері жұмысқа әбден төселіп, мынау деген маман болған. «Бастапқы кезде біршама қиналған едім. Ізбасар Көбейұлы мен әріптесім Нұрлан білмегенімді үйретті. Қазір мұндағы барлық жұмысты білемін. Қажет кезінде өздігімнен жедел шешім де қабылдап жүрмін», – дейді ол.

*Суретті түсірген автор*

## Интервью

# Многофункциональность и партнерство: DEUTSCHE BAHN НА КАЗАХСТАНСКИХ РЕЛЬСАХ

**Качественный сервис в поездах делает путешествия более приятными. Это очевидный факт, с которым сложно поспорить. С сентября 2019 года в целях повышения привлекательности пассажирского железнодорожного транспорта АО «Пассажирские перевозки», входящее в состав АО «НК «ҚТЖ», приступило к сотрудничеству с компанией DB Engineering & Consulting, входящей в состав немецкого аналога ҚТЖ – Deutsche Bahn. В интервью нашей газете программный директор DB Engineering & Consulting в Казахстане Максим Баранов рассказал о достигнутых результатах в рамках совместной работы.**



**– Не многие казахстанцы знакомы с Deutsche Bahn. Думаю, что нашим читателям было бы интересно узнать побольше о деятельности компании.**

– История DB (Deutsche Bahn) начинается с 1835 года, то есть на сегодняшний день ей больше 180 лет. Компания является одним из крупнейших железнодорожных концернов в Европе, она обслуживает сеть дорог в 33,5 тысячи километров. И что интересно, на этой протяженности железнодорожных путей имеется 25 тысяч мостов. Получается, что на каждые полтора километра приходится по одному мосту. Это позволяет железным дорогам Германии не соприкасаться с инфраструктурой автомобильных дорог. То есть движение поездов становится непрерывным, сокращается количество остановок и самое главное – минимизируется риск нарушения безопасности движения на перекрестках. Кроме того, DB является одним из крупнейших операторов на рынке автобусных перевозок. В 2019 году, до начала пандемии, компания перевезла около 100 миллиардов пассажиров по железнодорожной и автотранспортной сети дорог. Это примерно 7 миллионов 300 тысяч человек ежедневно. Для сравнения, в Казахстане этот показатель составляет 18 миллиардов.

В штате компании трудится около 338 тысяч сотрудников, включая специализированную компанию, занимающуюся консалтинговыми, инженерными и операционными услугами, которой является DB Engineering & Consulting. Сегодня они обеспечивают надежное качество услуг в 30 странах мира. Общая выручка компании на 2019 год составила 44 миллиарда евро.

**– На протяжении нескольких лет Вы работали с различными национальными компаниями Казахстана, сегодня отвечаете за процесс трансформации в АО «Пассажирские перевозки». Прежде что Вы знали о деятельности национального перевозчика?**

– Для меня, как для человека, который сейчас отвечает за содержательную часть трансформации в АО «Пассажирские перевозки», большой интерес вызывает соотношение железнодорожного пассажиропотока с авиаперевозками. Если сравнить, то в DB из 100 миллиардов перевезенных людей на авиаперевозки приходится всего 10 миллиардов. В Казахстане это соотношение составляет 18 и 17 миллиардов. Это говорит о том, что, теоретически, при определенных условиях у АО «Пассажирские перевозки» есть возможность увеличить объем перевозок в 10 раз по сравнению с авиасообщением. Сегодня компания занимает 73% на рынке услуг, остальную часть обслуживают 12 частных компаний-перевозчиков. И, несомненно, конкуренция со стороны частного сектора положительно влияет на процесс трансформации национального перевозчика. С другой стороны, компания обременена большой социальной ответственностью. Поэтому говорить о том, что она сегодня имеет очень сильные конкурентные преимущества в финансовом отношении, было бы неправильно. Поэтому, несмотря даже на государственную поддержку, компании необходимо продолжить активно заниматься своей эффективностью, чтобы в дальнейшем оказать достойную конкуренцию частным пассажирским перевозчикам.

**– В предыдущем ответе Вы упомянули о процессе трансформации. Какой опыт DB в данном направлении может быть использован в деятельности национального перевозчика?**

– Если говорить о трансформации, то первым пунктом я бы назвал умение во время изменений поставить во главе всего человека. Ведь без такого фокуса, осуществляя ту же автоматизацию производства либо обновление оборудования, очень сложно будет достичь прогресса в трансформации бизнес-процессов. Второй пункт – умение выбирать простые, маленькие шаги на пути к большим целям. К примеру, нам говорят: мы хотим добиться определенных больших результатов. Это сразу же воспринимается как главная цель. И уже в самом начале становится причиной демотивации сотрудников. Ведь им нужно сделать огромное количество неверных шагов, прежде чем они смогут убедиться, что выбранная цель может быть достигнута в полном объеме. В-третьих, это умение разделять прогнозы и планы. На мой взгляд, именно этого в первую очередь не хватает сейчас АО «Пассажирские перевозки». Первый тип целей – плановая цель, на достижение которой возможно оказать определенное влияние через операции. Например, подготовить и предоставить вовремя к отправлению поезда, определенное количество проводников. Это вполне осуществимо, если вынести за скобки форс-мажор. А вот что касается второго типа целей – прогнозной цели, то здесь, если ставить в прогнозную цифру в качестве плановой, неоспоримо обязательной, то это будет демотивировать сотрудников. Но при этом очень важно использовать прогнозные цели, для того чтобы по дороге к большим целям иметь возможность гибко скорректировать план. Именно гибкость, которая следует из разделения двух типов целей, это то, в чем DB мог бы существенно помочь АО «Пассажирские перевозки».

**– Какими могут быть результаты этой трансформации? Насколько быстрым может быть этот процесс?**

– Из своего многолетнего опыта могу сказать, что процесс трансформации в крупных компаниях, имеющих государственное финансирование, занимает как минимум 5-7 лет. Как вы знаете, с 2019 году началось сотрудничество между DB Engineering & Consulting и АО «Пассажирские перевозки». Мы запустили 14 инициатив, на сегодня 8 из них уже завершены. И, как результат проделанной работы, можно сказать, что только одна из них, связанная с «Тальго», принесла национальному перевозчику более 10 миллиардов тенге. Эта выгода уже с лихвой окупила те инвестиции, которые АО «Пассажирские перевозки» вложило в разработку и реализацию этих 14 инициатив. К месту отметить, что по этой же оценке на горизонте 2020-2025 годов стоит ожидать 58 миллиардов в качестве чистого приведенного дохода (NPV) как результат инициатив взаимодействия DB Engineering & Consulting и АО «Пассажирские перевозки». Так вот, получается, что за эти 5-6 лет с момента старта наших инициатив можно говорить о таком эффекте. Но раньше этого срока говорить о результатах трансформации будет сложно.

**– На Ваш взгляд, в каких областях АО «Пассажирские перевозки» особенно нуждается в модернизации?**

– Давайте начнем с инфраструктуры. Здесь, соответственно, в первую очередь мы говорим об обновлении подвижного парка, чем АО «Пассажирские перевозки» активно занимается в сотрудничестве с DB. И это очень трудоемкий процесс, потому что количество критериев и параметров, которые надо учесть, просто зашкаливают, финансово-экономическая модель достаточно сложная. Следующий пункт – это процессы, то есть мы говорим о наборе постоянных регламентированных действий сотрудников компании. При этом постоянство и регламенты отличаются от сценария к сценарию бизнес-ситуации (кейсов). В части посадки пассажиров так или иначе наблюдается формализация процессов. А вот такие же процессы для принятия управленческих решений от определенности еще довольно далеки. И, наконец, третья часть, это – люди. Здесь на первое место я бы поставил модернизацию способов и критериев принятия решений. Например, как АО «Пассажирские перевозки» использует простую электронную систему оборота документов, так называемый ЭДО. Даже на этом уровне можно добиться значительного повышения скорости и качества принятия решений, если уже готовую систему документооборота начать использовать по-другому. И здесь как раз нужно выделить главные группы процессов. Сделав подобную настройку, необходимо продержаться такой модели хотя бы один год: выработать привычку бизнес-поведения, проверить ее эффективность, скорректировать и т. п. Вот тогда мы увидим потрясающий результат.

**– Компанию Deutsche Bahn отличают сервис и профессионализм сотрудников. Как Вы думаете, будут ли действовать в будущем программы по обмену опытом либо по обучению сотрудников за рубежом в рамках сотрудничества с АО «Пассажирские перевозки»?**

– Очень хороший вопрос. Это то, чем я занимался в 2015-2018 годах в Казахстане, но для другой компании. Обмен опытом и обучение за рубежом дают эффект в том случае, если созданы условия для того, чтобы тот же выпускник программы «Болашак» захотел прийти работать в национальную компанию. Можно говорить, что первый шаг на пути создания таких условий в АО «Пассажирские перевозки» сделан: внедряются новые подходы и системы прогнозирования в сфере маркетинга и продаж. На сегодняшний день это точно та площадка, куда может прийти «болашаковец».

В процессе трансформации без современных релевантных знаний не обойтись. Однако, чтобы менеджмент АО «Пассажирские перевозки» увидел эту необходимость, прочувствовал ее и с радостью принял тех же «болашаковцев», для этого и необходимо партнерство с DB. Поэтому мы уже сейчас ведем переговоры о развитии процесса обмена опытом. Первой ласточкой будет все то, что связано с инфраструктурой. К примеру, как проводить ремонт вагонов, которые будут использоваться при обновлении пассажирского парка. Ведь в новых вагонах будет более 40 датчиков, и важно уметь использовать информацию, которую они предоставляют в процессе ремонта подвижного состава. Данный опыт необходимо использовать и в процессе маркетинга и продаж, научить сотрудников обрабатывать большие данные, делать цифровые двойники. Поэтому обмен опытом мы рассматриваем как создание платформы, чтобы убедить текущий менеджмент создать риторику и площадку для «болашаковца», которому место именно здесь.

**– Насколько, как Вам сейчас кажется, за период сотрудничества с Deutsche Bahn, АО «Пассажирские перевозки» удалось воплотить в практику своей работы принципы клиентоориентированности?**

– Это, действительно, чуть ли не главный вопрос. Потому что хочется сразу же сказать и тут же бросить мостик к предыдущему моему ответу. Клиентоориентированность для национального перевозчика – это прежде всего баланс между стремлением максимально удовлетворить потребности пассажира при удержании финансового состояния компании на устойчивом уровне. И такой баланс в транспортной отрасли напрямую связан с развитием ответственности у самого пассажира. Я приведу простой пример. В Казахстане действуют очень большие штрафы для проводников за провоз безбилетного пассажира, при этом ответственность услугополучателя практически сведена к нулю. В DB же ответственность перекладывают на пассажира, который, например, сам должен с помощью QR-кода расширить/дополнить, в случае необходимости, свою поездку до следующей станции. Да, в Германии тоже встречаются безбилетные пассажиры, но программа по развитию чувства ответственности у пассажиров не останавливается, это процесс, а не одноразовое действие. И когда мне говорят, что в Казахстане совершенно другой менталитет, я отвечаю: послушайте, мы все люди.

С одной стороны, невозможно требовать от пассажира повышенной сознательности, если мы не обеспечиваем его качественной информационной и сервисной поддержкой. А с другой стороны, если мы не переложим соответствующую часть ответственности на пассажира, то расходы компании будут необоснованно большими, и национальный перевозчик просто не сможет составить достойную конкуренцию частным перевозчикам.

**– Спасибо за интересную беседу.**

*Руслан РАХМЕТОВ, Нур-Султан*
*Фото Александра ЖАБЧУКА*



# ТО СНЕГОПАД, ТО ГОЛОЛЕДИЦА

**Светлана МОГАЙ,** Караганда

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

**В Карагандинской области на смену обильному снегопаду пришла гололедица. Не обошли эти природные явления и станцию Майкудук. Расположенный в пределах магистральной сети узел отлично справляется с задачами по снегоборьбе и устранению наледи на участках во избежание травмоопасности работников.**

Всего в настоящее время на станции Майкудук трудится 47 человек. Первую зиму встречают 12 новичков-первозимников. На сегодняшний день все они обеспечены спецодеждой, за ними закреплены опытные наставники, которые наблюдают за правильностью их действий и обучают основным приемам, связанными с охраной труда.

Об этом сообщила инженер-технолог 1 категории Ольга Дорофеева. С ее слов, каждый сотрудник станции выполняет определенный объем работы. Однако в период неблагоприятных погодных условий в порядке второй очереди работники станции могут быть привлечены к очистке межпутья от снега. В случае образования снежных валов они убираются специальной снегоочистительной техникой, которая находится на балансе службы пути – ПЧ -24 – Карагандинской дистанции пути в Сортировке. В случае обильного выпадения снега по разрешению или указанию ДСП в перерыве между движением поездов, маневровых составов и локомотивов, как правило, в светлое время суток работники могут заняться очисткой стрелок со строгим соблюдением мер предосторожности.

– Эта процедура разрешается только при крайней необходимости, вызванной неблагоприятными метеорологическими условиями или другими причинами. В этих случаях внутри колеи устанавливается зажженный фонарь. При очистке путей и стрелочных переводов снегоуборочной техникой или вручную при несвоевременном его вывозе на путях и межпутье образуются валы, кучи, желоба от снега. Поэтому в таких местах необходимо соблюдать осторожность, так как можно поскользнуться, скатиться под движущийся подвижной состав, – рассказывает Ольга Дорофеева. – Не допускаются работы на стрелочном переводе после сигнала о приближении или отправлении поезда, а также после дачи сигнала и движения маневрового состава. На некоторых станциях очистка стрелочных переводов осуществляется автоматически при помощи компрессора, то есть сжатым воздухом.

Что касается гололеда, то за этим внимательно следит специально закрепленный сотрудник, работающий по договору. На него возлагаются обязанности по очистке лестничных маршей, служебных проходов, лестницы, ведущей к посту ЭЦ. При этом скользкие места он должен посыпать песком.

– Очень важно, чтобы сотрудники узла, находясь в зоне повышенной опасности, при неблагоприятной погоде чувствовали себя безопасно, – резюмировала Ольга Дорофеева.

*Фото автора*

# ЗАЩИЩАЙТЕСЬ ОТ ПЛОХОЙ ПОГОДЫ!

**Ольга УШАКОВА,** Усть-Каменогорск

БЕЗОПАСНОСТЬ

**Большую работу провели в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) для сохранения здоровья работников и во избежание несчастных случаев из-за ухудшения погодных условий. Уже состоялось более десятка внезапных проверок по стороны руководства предприятия, и мероприятия продолжаются.**

В последние дни ноября-начале декабря в Оскеменском регионе погода не балует – уже несколько раз из-за гололеда, сильного ветра в областном департаменте по ЧС объявляли штормовое предупреждение. О необходимости заботы о здоровье работников при плохой погоде, предотвращения обморожения, переломов, ушибов, внезапного ухудшения состояния сказано и в телефонограмме от 22 ноября за подписью исполнительного директора по технической политике ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Ербола Дуйсембаева. На ее основании в ТЧЭ-22 провели внеплановые инструктажи со всеми работниками под роспись.

По информации начальника сектора производственной безопасности и экологии Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Каната Макашева, они организовали своевременное прохождение предсменных, послесменных периодических медицинских осмотров, обращая особое внимание на первозимников, на работников, состоящих на диспансерном учете с гипертонией, сердечно-сосудистыми заболеваниями, и на заключение медико-социальной экспертной комиссии о допуске к работе.

Помимо этого, по словам Каната Макашева, руководство во время внезапных проверок акцентирует внимание на соблюдении охраны труда, состоянии служебных проходов, освещенности, эффективности действий громкоговорящей связи, радиосвязи маневровых локомотивов. Также необходимо наличие реагентов против гололеда, ломов, лопат, песка на рабочих местах, постоянное проведение предрейсового и послерейсового осмотров. Важно, чтобы работники были в специальной одежде и спецобуви, применяли при необходимости мазь от обморожения, содержали свои рабочие места в соответствии с требованиями санитарных правил и норм.

rail-news.kz

№105 (2713) 21/12/2021

# ТАСЫМАЛ ТАБЫСЫН ЕСЕЛЕГЕНДЕР

**Тәуелсіздік күні қарсаңында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-не қарасты мекемелердің үздік қызметкерлері мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталды.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан



Салтанатты жиында барша әріптестерін мерекемен құттықтаған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петров биыл темір жол үшін табысты жыл болғанын атап өтті. «2021 жыл – тәуелсіздік жылдары ішінде ең көп жүк тасымалы жүзеге асырылған жыл. Пандемиямен қатар келген қиын кезеңнің өзінде осындай жетістікке жетіп отырмыз. Бұл табысқа барша теміржолшылар қауымының қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізілді. Солардың ішінде ерен еңбегімен көзге түскен азаматтар бүгін лайықты марапаттарға ие болмақ. Олардың бәрі де тасымал табысын еселеуге үлес қосқан еңбек ерлері», – деп баға берді ол.

Сонымен «Адал еңбегі үшін» белгісімен темір жолда 40 жыл жұмыс істеген коммерциялық жұмыс департаментінің менеджері Айман Қасенова марапатталды. «Кәсібі бойынша үздік» атағы Ақмола бөлімшесі Тасымалдарды басқарудың бірыңғай диспетчерлік орталығының аға диспетчері Марат Ахметжановқа берілді. Оның темір жолдағы жұмыс өтілі – 35 жыл. Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамотасы 5 сала маманына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының Алғыс хаты 3 қызметкерге, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының Құрмет грамотасы 8 теміржолшыға берілді.

Бұған қоса «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас директорының Алғыс хаты 10 адамға табысталды. «ӘТЖК 100 жыл» медалімен локомотив шаруашылығы департаментінің бас менеджері Серік Әбенов марапатталды. «Отпантау-2021» жедел-штабтық оқу-жаттығуының әскери техникасын тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды сапалы ұйымдастырғаны үшін пойыздар қозғалысын басқару департаментінің аға диспетчері және бас менеджері Бауыржан Абдуллаев пен Шыңғыс Мерғалым да марапатқа ие болды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**Маңғыстау жол дистанциясы тарихында тұңғыш рет қарапайым жол монтері мемлекеттік наградаға ие болды. Шетпелік Байғали Сатыбалды Президент Жарлығымен ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін алды.**

# «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» орденін алды

**Шарапат АЛЫМҚЫЗЫ,**
Маңғыстау



1989 жылы жол дистанциясында жол монтері болып еңбек жолын бастаған кейіпкеріміз отыз жылдан астам уақыт аралығында кәсібінің қыр-сырын терең меңгерген майталман жолшыға айналған. Бұған дейін «Кәсібі бойынша үздік» атанған ол, міне, тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласында өткен салтанатты жиында «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиевтің қолынан ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін алды.

– Адал еңбек етсе, адамның еңбегі жерде қалмайды екен. Елорда төрінде жол монтерінің еңбегі ескеріліп, мемлекеттік марапатты тағып тұрып соған көзім жетті. Теміржолдың жұмысы өте қиын, сондықтан бұл марапат менімен бірге еңбек ететін 400 жолшының бәріне ортақ дер едім, – дейді шетпелік жол монтері Байғали Сатыбалды.

*Суретті түсірген автор*

# ҚОШЕМЕТ ПЕН ҚҰРМЕТ ОРТАҚ

**Ел егемендігінің 30 жылдығын семейлік теміржолшылар ерекше көтеріңкі көңіл күймен атап өтті. Салтанатты жиын барысында аймақ теміржолының өркендеуіне зор үлес қосқан майталман мамандар марапатталып, құттықтау тілектер ақтарылды.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Мерекелік басқосуға сала ардагерлері, желі бойындағы теміржолшылар жиналды. Салтанатты шараны Семей ЖТ бөлімшесі басшысының міндетін атқарушы Ғабит Есқожанов пен Семей магистральдық желі бөлімшесі басшысы Айдын Шәукежанов теміржолшыларды тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, егемен елдің игілігі жолында тер төгіп жүрген әрбір теміржолшы қошемет пен құрметке ие екенін жеткізді.

Әрине, мұндай салтанатты шаралар марапатсыз өтпейтіні белгілі. Бұл жолы да бірқатар семейлік теміржолшылардың абыройы асқақтады. Атап айтсақ, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен Ғабит Ғазизұлы және Айжан Оспанова марапатталды. Ал, «Үздік басшы» атағын ПЧ-39 басшысы Рахат Ботаспаев пен ЭЧ-18 мекемесінің директоры Нұрлан Жақсылықұлы, қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бастығы Дәулет Сүлейменов иеленді.

Көптеген теміржолшылар ҚТЖ басқарма төрағасының құрмет грамотасымен марапатталды. Олардың арасында ВЧД-23 мекемесінің кәсіподақ төрағасы Ертай Темірбеков пен ПЧ-40 кәсіподағының төрайымы Зульфия Еникеева, жастар ұйымының жетекшісі Арайлым Қосанова болды.

Сонымен қатар, 1986 жылғы Алматы қаласында орын алған Желтоқсан оқиғасына қатысқан төрт теміржолшы құрбы ерекше құрметке ие болды. Ұлттық компания басшылығының Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған арнайы сыйлықтары бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің аға инженері Айтолқын Мұхамедиároваға салтанатты түрде табыс етілді. Зал толы теміржолшылар ержүрек төрт құрбыға қошемет білдіріп қол соқты.

Ыстық ілтипатқа толы салтанатты кеш қалалық мәдениет сарайының өнерпаздары әзірлеген мерекелік концертпен әсем жалғастық тапты.

*Суретті түсірген автор*

# МАМАНДАР МЕРЕЙІ ӨСКЕН КҮН

**Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерінде еңбек ететін екі жүзге жуық теміржолшы түрлі марапаттарға ие болды.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Өңірде екі адам «Құрметті теміржолшы» атағын иеленді. Олар – Атырау магистральдық желі бөлімшесі бастығының пайдалану жөніндегі бірінші орынбасары Ж.Жұнтұрбаев пен Атырау вагон пайдалану депосының Мақат станциясы техникалық қызмет көрсету пунктінің вагон қараушысы А.Абитов. Екеуі де салада отыз жылдан аса уақыт еңбек етіп келе жатқан айтулы мамандар. «Үздік басшы» төсбелгісімен бөлімше басшысы А.Базарғалиев пен Мақат станциясының бастығы М.Басанов, Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Б.Досжанов, «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Е.Сапаров пен Ақжайық станциясы өрт сөндіру пойызының бастығы А.Қалиманов, ал, Атырау жол дистанциясының бастығы А.Жылқыбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

«Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен Сағыз станциясының бастығы Н.Дүйсенбайұлы, Мақат станциясы техникалық қызмет көрсету пунктінің аға вагон қараушысы Ә.Сағындықов, Ганюшкино станциясы айналма депосы бастығының орынбасары Е.Тарихов, Мақат локомотив пайдалану депосының тепловоз машинисі Т.Ертлеуов, Атырау магистральдық желі бөлімшесінің персонал жөніндегі менеджері Ш.Туманова, Атырау жол дистанциясының бас механигі М.Утегенов, электромеханик Б.Сағынов, Құлсары жол дистанциясының машина пайдалану және жөндеу шебері Б.Тілеубаев, Құлсары белгі беру және байланыс дистанциясының өндірістік оқыту шебері М.Садиров марапатталды. Сонымен қатар «Кәсібі бойынша үздік», «Үздік маман» атанған, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының және өңірлік басшылардың Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталған мамандар мерейі өсті. Шара барысында өңірлік өнер жұлдыздарының қатысуымен мерекелік концерт өтті.

*Суретті түсірген автор*




# ЖЕТІСТІККЕ ТОЛЫ ЖЫЛДАР...

**Маңғыстау теміржолы үшін өткен отыз жыл жетістіктерге толы болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткен салтанатты жиында Мұнайлы ауданының әкімі Рахат Елтизаров өңір теміржолының даму үдерісін сөз етіп, теміржолшылардың ерен еңбегіне алғыс айтты.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Маңғыстау қосалқы бөлімшесінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов пен Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Жарылғап Дүйсенбай саланың дамуына еңбегі сіңген бір топ теміржолшыны марапаттады.

Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясының бас инженері Кеңғали Асқанбаев пен Маңғыстау жол дистанциясының бастығы Бекберген Құрбанов «Құрметті теміржолшы» төсбелгісін тақса, Өзен станциясының бастығы Самат Сариев «Үздік басшы», Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің бухгалтері Актилеш Баймухашева «Үздік маман» атанды. Наптал Сахабаев, Мустафа Қожбанов, Ернар Айдарханов, Сайфуллин Тышқанбаев, Игілік Машырыков «Адал еңбегі үшін» медалімен марапатталса, вагон қараушы Жанарбек Якупбаев үшінші рет «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісінің иегері атанды.

«Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалін Шетпе станциясының бастығы Бәлібек Есенгелдиев, Теміржолшылар Кәсіби одағы орталық кеңесінің Маңғыстау аймағы бойынша өкілі Әзірбай Тұрмағанбетов, Маңғыстау станциясының бастығы Бағыбай Исатаев, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі персоналды басқару бөлімінің бастығы Екпін Қожахметов алды.

Сондай-ақ, тағы жиырмаға жуық сала қызметкері «ҚТЖ» АҚ Президентінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын алды. Маңғыстау станциясының кезекшісі Гүлнар Төлегенова, Бейнеу жол дистанциясының жол шебері Талғат Есжанов пен Маңғыстау байланыс дистанциясының аға электромеханигі Ерлан Сарыбаев «Кәсібі бойынша үздік» белгісін, Маңғыстау станциясының инспекторы Айнұр Искалиева «Әскерилендірілген теміржол күзетіне 100 жыл» төсбелгісін тақты.

Мереке концерттік бағдарламамен жалғасты.

*Суретті түсірген автор*

# КӘСІПТЕН ТАПҚАН НӘСІБІН

**Тәуелсіздік мерекесі күні Ақтөбе темір жолы бөлімшесінде өткен салтанатты шарада аймақ теміржолының қалыптасуы мен тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктері насихатталып, еңбек майданының батырлары алғысқа бөленді.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



Биыл Қандыағаш вагон пайдалану депосының қос бірдей азаматы «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталуы вагон шаруашылығы еңбеккерлерінің мерейін үстем еткен айтулы оқиға болды. Олар – депо бастығы Еркін Жананбаев пен өндірістік оқыту шебері Миржан Жұмабаев, екеуі де салаға еңбегі сіңген кәсіби теміржолшылар.

Еңбектегі жетістіктері үшін «Адал еңбегі үшін» кеуде белгісімен марапатталғандар қатарында Ақтөбе жол дистанциясының бастығы Кеңес Нұртаев, Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі филиалының техникалық бөлім бастығы Серік Зұлхарнаев, Қандыағаш вагон пайдалану депосы техникалық қызмет көрсету депосының жылжымалы құрамды жөндеу слесарі Жұмалы Еламанов, Ақтөбе вокзалының шебері Анархан Еркебаев, пойыздар қозғалысын басқару орталығының диспетчері Серік Миркемелов болды.

Сонымен қатар, Жіңішке станциясы, Ақтөбе белгі беру және байланыс дистанциясы, Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет және Ақтөбе материалдық-техникалық жабдықтау базасы мекемелерінің басшылары «Үздік басшы» номинациясымен марапатталды.

Бұдан басқа «Кәсібі бойынша үздік», «Үздік маман» белгісімен, Алғыс хатпен марапатталғандар қатары мол болды. Салтанатты шара мерекелік концертке ұласты.

*Суретті түсірген автор*

# МАРАПАТҚА КЕНЕЛДІ

**Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Қызылорда теміржолында өткен салтанатты шарада Әнұран шырқалып, еңбек озаттары марапатқа кенелді.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Бөлімше басшылары Батырхан Базарбаев пен Ибраким Басықараев әріптестерін мерекемен құттықтап, қажырлы еңбектеріне алғыс айтты.

Теміржол саласында ерен еңбектің үлгісін көрсеткен озаттарға ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінен, «ҚТЖ» басқарма төрағасынан, Облыс әкімдігінен, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалынан, Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасынан, «Қазкөліккәсіп» бірлестігінен түрлі марапат тапсырылды. «Құрметті теміржолшы» төсбелгісінен бастап, «Адал еңбегі үшін», «ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл», «Үздік басшы», «Үздік маман» төсбелгілері теміржолшылардың кеудесінде жарқырап, құрметке бөледі.

Тасымалдау қызметіне ерекше үлес қосқан бір топ машинистер есімі депоның «Құрмет кітабына» енгізіліп, алғыс хат алғандар қатары еселеп артты.

